

**Қарағанды облысының "Ұлытау ауданының Мәдениет бөлімі" мемлекеттік мекемесіне аккредитив ашу және оның қолданылу мерзімін ұзарту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1420 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының Қарағанды облысының "Ұлытау ауданының Мәдениет бөлімі" мемлекеттік мекемесіне 030 "Мәдениет объектілерін дамыту. Бағдарламаны республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттер есебінен іске асыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша Ұлытау тауында "Қазақстанның мемлекеттік тұтастығы мен халықтарының бірлігі монументі - рәмізін" салу жөніндегі "Бекетаев К.А." жеке кәсіпкермен жасалған 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 26 және "СтройЭкс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жасалған 2004 жылғы 13 наурыздағы N 25/31 шарттар бойынша аккредитив (бұдан әрі - аккредитив) ашу және оның қолданылу мерзімін 2005 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен аккредитив ашсын және оны ұзартсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*